

Ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтады

Өткен жұмада, 5 мамырда Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев бүгінде өмірден өткен Ұлы Отан соғысының және сот жүйесі ардагерлерінің жұбайларын 9 мамыр - Жеңіс Күні мерекесімен құттықтады.

Мерекелік іс-шараға кезінде соғыс ардагерлерімен бірге жұмыс істеген сот жүйесінің қызметкерлері де шақырылды.

Төраға құттықтау сөзінде, Ұлы Жеңіс күні мерекесі кейінгі ұрпақ үшін ерекше шуақты күн екенін атап өтті.

- Бұл күн «Жеңімпаз» деген үлкен шенді иеленген сол заман ұрпағының ержүректігі, қайсарлығы мен намысшылдығы баршамызға үлгі болар адамзат бойындағы ең қадірлі қасиеттер. Жылдар жылжыған сайын сұрапыл соғыстың ызғары басылып, бұлты сейілгенімен, оның тарихтағы орыны, ол жылдарда халық басына түскен қасірет ұмытылмақ емес. Керісінше, уақыт өткен сайын сол тұстағы ұрпақтың жан жарасын

айқын түсіне бастағандаймыз,- деді А.Мерғалиев.

Ардагерлер атынан сөз сөйлеген Алексей Кобцев салтанатты жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтады. «Сол кезде ел үшін майданға аттанған жауынгерлердің арқасында біздер тірі қалдық. Білімі аз болса да олар соғыс жылдарында да, соғыс аяқталғаннан кейін де ел еңсесін көтеру үшін қажырлы еңбек етті»,- деп атап өтті ардагер.

Құттықтаудан кейін облыстық сот төрағасы А.Мерғалиев ардагерлерді дала асханасына сарбаздар дайындаған жауынгер ботқасынан ауыз тиюге шақырды.

Бұған қоса, Жеңіс күні мерекесі қарсаңында Асламбек Амангелдіұлы ардагер Баймақанов Бекмағамбет Шоқайұлының зайыбы,

Қарабалық ауданында тұратын Ақш Өбілтайқызын құттықтады. Баймақанов Бекмағамбет Шоқайұлы сұрапыл соғысты басынан кешіріп, жеңіспен елге оралған соң 20 жылдан астам

уақыт Қостанай облысында сот жүйесінде қызмет атқарған.

Ардагер 1925 жылғы 12 сәуірде Қостанай облысының Ұзынкөл ауданында туған. Жастайынан жетім қалған ол хабар-ошарсыз кеткен әкесінің туыстарының қолында тәрбиеленген. Ғұмыр бойы әкесін іздеп өткен Бекмағамбет Шоқайұлы оны табудан күдерін үзбеген. Тоғызыншы сыныпты бітірген жасөспірім, 1942 жылы майданға аттанған. 1944 жылдың 25 сәуірінен 1945 жылдың 9 мамырына дейін Б.Баймақанов 303-ші атқыштар полкінің құрамында Ұлы Отан соғысын бастан кешірген. Кейін Белорус Кеңестік Социалистік Республикасының Калинин облысын, Польша, Шығыс Пруссия, Германияны азат етуге қатысып, Берлинге дейін жеткен.

Соғыстан кейін 1945-1949 жылдар аралығында жас жауынгерлерді парашюттен секіруге үйретумен айналысқан. Көптеген марапат иегері.

Бейбіт заманда еңбек жолын 1950 жылы бастап, 1962 жылға дейін Ұзынкөл ауданында сот

орындаушысы болып жұмыс істеген. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін сырттай оқып, сол жылдарда Ақш Өбілтайқызымен отбасын құрған.

1962 жылдың 16 шілдесінде Амангелді ауданында халық судьясы болып сайланған. Ал 1970 жылғы желтоқсаннан Федоров ауданында, 1976 жылдан Қарабалық ауданында халық судьясы болып еңбек еткен.

1986 жылы судья Бекмағамбет Шоқайұлы құрметті демалысқа шығып, 1998 жылы жылы ардақты азамат өмірден озды.

Бекмағамбет Шоқайұлы мен Ақш Өбілтайқызы 9 баланы тәрбиелеп өсірген. Бүгінде олардан 15 немере, 10 шөбере бар.

Ардагер зайыбы көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, сот басшылығына алғысын айтты.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Әдістемелік нұсқаулықтар бекітілді

ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Республиканың мектептерінде үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар бекітілді, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ведомствоның баспасөз қызметіне сілтеме жасап

2017 жылғы 24 сәуірде ҚР Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиев № 182 бұйрығымен республиканың мектептерінде үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды бекітті. Бұл ұсыныстардың негізін «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ өткен жылғы сәуірден желтоқсанға дейін іске асырылған жобасының нәтижелері құрады.

ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры Ж.А.Жонтаева, басқарма басшысы Т.Ж.Жакенова, бас сарапшылар А.А.Кемалова және Б.А.Қабатовалардың жетекшілігімен жарты жыл бойы ұсыныстар ведомстволық бағынысты ұйымдармен, өңірлердің мектептерімен жан-жақты талқылаудан және ресми веб-сайттар арқылы дауыс беруден өтті.

Қазақстандық мектептердің тарихында алғаш рет бейінді ведомстволық деңгейде еліміздің оқушыларының үй тапсырмасын мөлшерлеу әдістемесін қамтитын құжат қабылданды.

Әкеден балаға жалғасқан кәсіп

Жастарға үлгі болатын отбасының ұлы, Ішкі істер органының қызметкері, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Оқу орталығының (Қостанай қ.) бастығы полиция подполковнигі Талғат Амангелдіұлымен сұхбаттасуды жөн көрдік.

- Талғат Амангелдіұлы! Отан отбасынан басталады дейді. Менің білуімше, сіздің отбасыңызда біраз буындар Ішкі істер органының ардагері және полиция қызметкерлері бар екен. Солар жайында қысқаша айта өтсеңіз?

- Ия, әкем - Амангелді Мұхтарұлы Меңдібаев, запастағы полковник, 69 жаста. Ішкі істер

органында 25 жылдан аса қызмет етіп, қазір Астана қаласында тұрып жатыр. Ондағы әкем мен шешемнің бар жұмыстары - немерелерін тәрбиелеу ғой. Ол кісі өзінің қызметін Жітіқара қаласының ішкі істер бөлімінен бастады. Одан Меңдіқара ауданында ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары қызметінде біраз жылдар қызмет етіп, 1986 жылдары Москвадағы ІІМ Академиясына оқуға түсті. Әкем оқуын сонда аяқтағанға дейін, біз жанұямызмен сол Москвада тұрдық. Мен де, әкемнің арқасында

2 жылдай Москваның №135 мектебінде оқыдым және өзге елді көрдім. Әкем соңғы қызметін Абай атамыз «Ұстаздық еткен жалықпас» деп айтқандай, ҚР ІІМ Қостанай академиясы біліктілігін арттыру факультетінің бастығы лауазымында қызмет етіп, сол мекемеден полиция полковнигі атағымен ардагерлікке шыққан болатын.

Негізі әкемнің бауыры да - Баязит Мұхтарұлы Меңдібаев өзінің қызметін Жітіқара ҚІАЖ-де бастап, Меңдіқара ІІБ учаскелік инспекторы қызметінен полиция майоры атағымен ардагерлікке шыққан. Қазіргі уақытта, сол Баязит ағамның екі қызы - Гүлім мен Данагүл әке жолын қуып, ішкі істер бөлімінде қызмет етіп келеді.



Ал, Самат Меңдібаев ағам, Алматы орта арнайы милиция мектебінің түлегі. Одан кейін, Меңдіқара ІІБ учаскелік инспекторы қызметін ақтарды. Сол жерде жедел кезекші қызметінен полиция майоры атағымен зейнеткерлікке шықты. Қазіргі уақытта сол Самат ағамның Азамат деген баласы да, сол ауданда аға тергеуші болып істейді.

Әкем өзінің еңбек жолында бауырларын, біздерді және жастарды тәрбиеледі. Барлық күш-жігерін білім мен тәрбиеге, қызметке арнаған кісі. Шаршауды білмеген ғой.

Сол сияқты, меніңде үлкен ағам полиция полковнигі Қанат Амангелдіұлы Меңдібаев, қазір Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Өзіндік қауіпсіздік департаментінде қызмет етіп жатыр.

- Талғат Амангелдіұлы сіздің жарыңыз да полиция подполковнигі ғой. Дилара Тоқтарқызымен он жылдай әріптес болдық. Ол кісі жайлы қысқаша айта кетсеңіз.

- Дилара Тоқтарқызы қазір Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында қызмет атқарып жатыр. Дилара Тоқтарқызының ата-анасы да Ішкі істер органында 20 жылдан

аса қызмет еткен болатын. Әкесі Тоқтар Ғарифұллаұлы осы Оқу орталығында біраз жылдар бастықтың орынбасары лауазымында қызмет атқарып, полиция подполковнигі атағымен ардагерлікке шыққан болатын. Анасы - Ұлболсын Қаденова да полиция майоры атағымен ардагерлікке шыққан.

- Сіздің ұлыңыз Малиқтың Қостанай қаласының № 24 қазақ мектебінде білім алып жатқанын білеміз. Оқу орталығындағы спорттық, отбасылық іс-шараларға үнемі қатысқанында көреміз. Ал сол ұлыңыздың қандай мамандықты таңдағанын қалар едіңіз?

- Енді Малик ата-әжелерінің тәрбиесін алып, ата-анасының қызметін көріп өсіп келе жатқан бала ғой. Кім біледі, мүмкін біздің жолымызды жалғастыра жатар. Бірақ, баланың мамандықты өзі таңдағаны дұрыс деп ойлаймын. Өзінен сұрағанымызда:- дәрігер, хирург боламын, - дейді. Мүмкін есе келе ойы өзгерер.

- Полиция қызметіндегі ең басты ұстанымыңыз қандай?

- Бауыржан ағамыз « Ел үмітін ер ақтар! Ер атағын ел сақтар!» деген екен. Ең біріншіден, мен өз елімнің патриотымын. Өз қызметімді адал атқарып, жас мамандарды тәрбиелеуде, оларды

да Отанының патриоты болуына бағыттаймын. Полиция қызметінің қиын жақтары да, қызықты жақтары да бар. Қиындықты жеңе білу әр қызметкердің міндеті. Ұжымды басқаруда басшы ретінде ең алдымен полиция қызметкері болған соң, темірдей тәртіп пен заңдылықты сақтап, білімді, кәсіби шеберлікті, жан- жақтылықты ұстануым керек. Кез келген сұрақтардың шешімін ұжыммен бірге жедел шешіп, кәсібилік дәрежелерін арттыруда жұмыстар жүргізіп, ынтымақтастықты орнату - басты міндетім. Өз әріптестеріме және жас полиция қызметкерлеріне қызметте болсын, саптық жиында болсын, спортта, тұрмыста, қоғамда болсын барлық жағынан үлгі болуым қажет.

- Еразамат: «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы керек дейміз. Оқу орталығында мерекелік іс-шара кезінде домбырамен терме айтқаныңызды естіп қалдым. Термеңіздің әр сөзі де әсерлі екен. Сізді бұл өнерге кім баулығанын айта кетсеңіз?

- Негізі менің әкем үнемі жұмыстан келгенде, ең бірінші қолына домбырасын алып, өлеңін айтып отыратын. Үйде әкем болмаған сәттерде оның домбырасын қолыма алып, қызық көріп даңғырлатып отыратынмын. Домбыраны ойнауға өте қызығатынмын, бірақ тарта алмайтынмын. Бірде, 5-сыныпта оқып жүргенімде мектепте өнер конкурсы болатын болды. Сол кезде алайымыз: «Талғат, сен домбырамен өлең айтасың» дегенді айтты. Содан бастап, намысқа тырысып, бес күннің ішінде домбыра үйреніп, конкурсқа қатысқаным бар еді. Менде қазір әкем сияқты жұмыстан келгенде, сол домбырамды қолға алып, бір шертіп қоямын. Осы киелі домбыраның үні алдымен адамның ойын сергітіп, көңілін көтереді. Өрі осы домбыра арқылы дәстүрге деген құрметінді ерекшелендіреді.

- Қазақстан полициясының қызметіндегі қызметкерлер қандай болулары керек деп ойлайсыз?

- Жаңа жоғарыда айтып

кеттім ғой. Ішкі істер органында - білікті, білімді, намысты, тәрбиелі, жинақы, жан-жақты, адал қызмет ететін қызметкерлердің болғаны дұрыс деп санаймын. Әр полиция қызметкері өзінің Отанын кез келген кезде қорғай алатын, кез келген жағдайда жедел көмек көрсете алатын, өз кәсібін жақсы білетін және жақсы көретін, патриотты сақшылар болулары тиісті.

- Өз әріптестеріңізге не айтар едіңіз?

- Біздер Ішкі істер органына кадрларды даярлайтын болғандықтан, Ішкі істер органына қабылданатын жас полицейлерге біліммен қоса тәрбие де береміз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» - дегендей, әріптестерім жан-жақты, өз ісінің шебері, үлгі бола алатындай қызметкер болғандары дұрыс деп санаймын. Полиция қызметкерлері қоғам үшін маңызды, ел қауіпсіздігін қорғайды. Мемлекетіміздегі халықтың қоғамдағы тыныштығын сақтауда, қызметтерін адал атқарып, Ішкі істер органындағы қызметтеріндегі қиындықтарды жеңе біліп, биіктен көріне берсін дегім келеді.

Туымыз желбіреп, Гимніміз шырқалып, тіліміз дамып, мемлекетіміздің жыл сайын дамуына үлкен үлестерін қосып, халқымыздың сенімін ақтау жолындағы қызметтеріне табыс, жетістіктер тілеймін. Ең бастысы әр қызметкердің отбасында бақыт, қуаныш, амандық болсын!

Талғат Амангелдіұлымен әңгімелесу барысында, отбасының құндылықтарымен танысып, әкенің тәрбиесін алған, ол кісінің кәсібінің жалғастырушысы екенін көріп, өсіп келе жатқан ұрпаққа нағыз өнеге болатын нағыз патриотты отбасы екен деген ойға келдім. Қызметіне табыс тілеймін.

Г. ДОСТОЯРОВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қ.)

Мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы

Мерекеге арналған салтанатты іс-шара

Өрт сөндіру қызметінде Отан Қорғаушылар күнін (ҚР ҚҚ құрылғанына 25 жыл) және 1941-1945 жж. Ұлы Отан Соғысындағы Жеңістің 72 жылдығын мерекелеуге орай салтанатты іс-шара өтті.

Іс-шараға ардагер-зейнеткерлер шақырылды. Бұл күні олар үшін мерекелік дастархан жайылды.

Іс-шара басталмас бұрын оған қатысып отырғандар сол сұрапыл жылдары соғыстан қайтпаған, жақындарының есінде тек қана мәңгі жас күйлерінде қалған боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Виктор Киселёв өзінің құттықтау сөзінде: «Құрметті ардагерлер мен



бүгінгі кеш қонақтары, барлығыңызды мерекемен құттықтаймын! Жеңіс күні – бұл көзге қуаныш пен мұңды қатар еске алып, көзге жас келетін күн. Шындығында да бұл күні қуанышпен қайғы қатар орнаған күн. Мен Сіздерге шын көңілден бақыт, мықты денсаулық, отбасылық жайлылық пен ұзақ

ғұмыр тілеймін!» деп ақ тілегін білдірді.

Қостанай облысының ТЖД бастығы азаматтық қорғау полковнигі Т.Б. Кәкімов те ардагерлерге өзінің жылы лебізін білдірді. «Құрметті ардагерлер! Бұл мерекелі күні Сіздерге бақыт, ашық

аспан, денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Кез-келген мемлекеттік қызметте өз қиындықтары бар, алайда біздің ардагер-зейнеткерлермен жүргізілген жұмыс лайықты құрметке ие, өйткені олар өз өмірлерінің ең қызықты шақтарын мемлекеттік өртке қарсы қызметіне арнады емес пе. Сол үшін сіздерге зор алғысымызды білдіреміз!».

Кешке қатысқандардың барлығы үшін өздерінің «Өн шашу» сыйлықтарымен Токешев Бердбек және Досмухамбетов Руслан өнер көрсетті. Олардың жалынды да жігерлі өлеңдері келген қонақтарды бір серпілтіп тастады. Жыл сайынғы дәстүр бойынша құрметті ардагерлерге деген жылы лебіздерін Стреленко Иван



мен Ситарова Светлана «Я люблю тебя жизнь» және «Есть только миг» әндерімен жеткізді.

Соғыстың аяқталғанына қанша уақыт өтсе де тағдырлары мен өмірлерін тас-талқан еткен жандарды, соғыстан қайтпаған әкелеріміз бен аталарымыз туралы естелікті әрдайым есте ұстаған жөн. Біздің әкелеріміз бен аталарымыз

жауға қарсы тас табандап күресіп, өз өмірлерін қиған ұрпақ бізбіз. 9 мамыр ең үлкен және сәулелі, маңыздылығын уақыт та жеңе алмаған ұлы мереке болып қала берсін демекпіз!

«Қостанай облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ баспасөз қызметі

Алдаркөсені дәріптеудің астарында не жатыр?

Қылмыс қоғамдық құбылыс екені кәдік. Қоғамнан тыс ғұмыр кешетін адам болмайды. Ендеше қоғамның бір мүшесі ретінде қылмыс төңірегінде, соның ішінде бүгінгі күні өзектілігі артып тұрған алаяқтық жөнінде сөз қозғағымыз келеді.

Құқықтық қоғамда заң тұғырға қонып, белең алуы керек. Қылмыстың алдын алу деген бар. Бұл мақаламызды сол тарапқа жатқызуға болатындай. Алдымен мынаны айтқымыз келеді.

Өсілінде, бүгінгі күні алпыс екі айлалы, «сақалыңды талдап тұрып қолыңа беретін» Алдаркөсе атамның қай қылығы үшін дәріптелетінін түсінбей далмыз. Ауыз әдебиетіндегі шабақ аңдыған шортан ауыз осы бір кейіпкердің не үшін насихатталатынын қабылдау қиынға түсіп тұр қазір. Байларды мұқату үшін жаралған, жоқ-жітік, кедейлердің көкейкесті арманынан туындаған, ізгілікті қиялмен сусындалған әйгілі кейіпкердің бейнесін былай қойғанда, бажайлап қарасақ, жыланның аяғын, жынның жалғыз қалған саяғын көрген Алдар атамның іс-әрекеттері барып тұрған көнігі алаяқтық бейнесіне амандаларына дәл келеді десек, артық айтпаймыз. Қылмыстануда кәсіби қылмыс деген түсінік бар. Ол - қылмыстық мінезді қалыптайтын, қылмыстың өзегін құрайтын, қылмыстық жүйе қалыптастыратын бөлшектің бірі ретінде түсіндіріледі. Қылмыскерлер қылмыстың белгілі бір түрін өзінің төл кәсібіне айналдырып, тек соған ғана маманданады. Ежелгі қазақ даласында тұлғаға қарсы қылмыс, оның ішінде біреудің малын айдап әкету, бопсалау, кісі өлтіру арқылы меншіктегі мүлікті қорқытып алушылық секілді бірқатар кәсіби қылмыстың түрлері болғандығы аян. Түп-төркінінде пайдакүнемдік тұратын қылмысты кәсіп еткен қылмыскерлерге жеке меншікке қарсы қимыл-әрекеттер тән, бұл тарихи қалыптасқан, дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат. Пайдакүнемдікке жататын қылмыстардың дені бес түрге бөлінеді: 1) ұрлық; 2) тонау; 3)

қарақшылық; 4) қорқытып алушылық және 5) алаяқтық. Алдардың кәсібі – соғысына дөп келеді. Ойлап, ойнап айтсақ та расы - осы. Зады, құқықтық қоғамда кедей де, бай да заң алдында өзара тең болмақ қой. Осы қағидатқа Алдаркөсненің әрекеті сыйыспайды-ақ. Қара пиар секілді Алдаркөс бейнесі соңы бітіп болмайтын серияларға түсіріліп, буыны қатпаған, оң-солын танып үлгермеген кейінгі ұрпаққа барынша уағыздалуда. Оның қасында алаңғасар Қожанасыр көкеміз мейлінше адал қайта. Қауын қауынға қарап рең алады десек, балаларымыз Алдарға қарап рең алуы тиіс пе? Айтылмай, жазылмай қалса, ең өкініштісі сол болар деген үйімшіл ойдың желеуімен Алдаркөсені дәріптеудің астарында жатқан кейбір келіссіз кілтпаңға ой жүгірткіміз келеді.

Қылмыс қай халықта да болған, қоғамның барлық саласына тән әлеуметтік құбылыс. Әсіресе биліктің саяси, экономикалық тұрғыдағы «сәтсіз» қабылданған шешімдерінен кейін белең алатын бір заңдылық бар. Бұл әр кез болып тұратын табиғи фактор. Өткенді бажайласақ, кеңес мемлекетінің іргесі сөгілгеннен кейін қоғамымызда қылмыс пен ұйымдасқан қылмыс қарқыны күрт өсті. Сол уақыттарда екпіні мен тепкіні қатты қылмыстылықтан кейіндеп қалып қоймау үшін елімізде соттық-құқықтық реформалар тым асығыс жасалып жүргізілді. Соның салдарынан құқық қорғау органдары мен ұйымдасқан қылмыстың даму қарқыны біркелкі деңгейде болмады, қайта керісінше, қылмыс атаулы «біліктілікпен» мемлекеттік биліктің бүкіл буындарына жегі құрттай дендеп еніп, құқық қорғау органдарының бүкіл күш-құралдарымен, мүмкіндігімен салыстырғанда, көп артықшылығы бар айырмашылықтар тудырды. Бүгінгінің биігінен бағаласақ, кешегі күні құқық қорғау органдары үздіксіз өсу, даму үстіндегі қылмыстылыққа ұзақ уақыт бойына қарсы тұрулары тым әлсіз, мардымсыз болғанын жасырмауымыз қажет. Өлжуаздық танытқанымыз - тарихи факт. «Ауруын жасырған өледі» деген

өткір сөз иірімі осындайда айтылса керек. Қазіргі уақыт нақышына қарай қайта өзгертіліп, толықтырылып жатқан құқық саласындағы заңнамалар осыған жарқын алашақ бола алады. Осылайша салыстырмалы түрде аз-кем тарихи шегініс жасауымыздың өзі қылмысқа қарсы күрес жүргізер мемлекеттік қызмет ерекше маңыз алса да, оның кейде аз-кем уақытқа сәтсіздікке ұшырауы да әбден мүмкін дегенді айғақтау ғана. Керену қабылданатын мемлекеттік бюджетпен салыстырғанда қылмыстың ортақ қоры күнбе-күн толтырылып отыратыны кәдік. Жоғарыда Алдарды мысалға алып жатқанымыз бекер емес, бұл ұйымдасқан қылмыстың кезекті бір ұрымтал жүрісі ме, әйтеуір қылмыстылықтың басқа қиырдан – бүйірден келіп тиісуі алаңдататыны анық. Қазіргі қылмыс төңірегіндегі деректер әділетсіздік пен ұрлық-қарлықтың асқынып бара жатқандығын, әсіресе экономикадағы, тұрмыстық қажеттіліктегі алаяқтықтың белең алғандығын айғақтап, бұл көкірегі ояу, көзі ашық әрбір азаматтың жанын жұтаңдатып, жігерін құм қылып, көңілін қонтараздау етері сөзсіз. Біз сөз етіп отырған кешегі Алдардай алаяқтардың ізбасарлары бүгінгі жастар арасында әсіресе жетіп артылады.

Кезапада қиянатқа жақын тұрар жастар көп. Көпке топырақ шашпайық, жастар деп те бөле жармайық десек те, қоғамның даму ауаны осыны әйгілеп тұр. Бүгінгіміз ертеңіміздің жалғасы десек, кейінгі жастарға қарап келешек бұлыңғырлау ма деген көңілге күдік ұялайды. Бұрын құлын қырда, құндыз суда дейтіндей, бәрі өзінің орын-жүйесімен өрбитін. Қазір құндылықтар ауысты. Жасың өзін жаспын деп сезінбейді. Үлкенге құрметін кәрі Аралдың құрдым суындай азайтқаны қашан. Сымдай тартылып жүрер кейінгі буынның көп жерде есе жіберіп, бекзаттық қалпын жоғалтуын қоғамдағы ақаулықтардан іздеген жөн шығар. Тәрбиенің бәрін мектепте мұғалім боп жүрген қаршадай қыздарға теліп қойды. Олардың тәрбиесінен

гөрі, «көшенің тәрбиесі», ұйымдасқан қылмыстың ықпалы басымырақ. Компьютер тілін жетік білетін білімді, дарынды жастарды криминалдық құрылымдар «тіптен алақай» деп өз қатарына қосып алу қалыпты үрдіске айналды. Таңқалудан қалдық. Бұл – тәрбиелік салада кеткен ақаулық. Жуанның жіңішкерер, жіңішкенің үзілер тұсы. Балаңды өзің түзет, өзің түзетпесең өмір түзетеді деп жайбарақат жүріп алар заман емес. Мұның өзі күнделікті өмірде, баспасөз бетінде жиі айтылып, тіпті айта-айта әбден жауыр тартқан қарапайым тақырып болғанмен, астарында түйенің қомындай ауыр зіл бар. Қоғам бағытына сараптама жасайтын ғалымдар бүгінгі күні халқымыздың санасында қауіпке қарсы тұру сезімі, аламан дәуірдің алмағайып қиындықтарына орай қайта қанықтасу үдерісі, ұлттық рухтың жаңыру кезеңі басталып кетті деп ауыз толтырып қаншама айтса да, бұл кезең, шынтуайтына келгенде, керісінше, ұлтымыздың біршама бөлігінің өзінің рухани қайнарына немқұрайды қарайтындардың қарасы көбейген тұс дегіміз келеді. Қазіргі қазақ жастары астындағы атын алты ай іздейтін кешегі аңқау қазақтың баласы емес, заң, құндылық атаулыны өзіне қарай икемдей бұрып, өңін теріс айналдырып, өзіндікі – өзекте, кісінікі – кезекте дейтіндер. Заманың түлкі болса, тазы боп шалдың кері. «Көл шайқалса, көбігі бетіне шығады, ел шайқалса, тентегі бетіне шығадының» айғағындай. Тойымсыздық нәпсі тудырып, нәпсі иманнан айырған кез. Келіссіз де келеңсіз қағидаттарды берік ұстанатын бүгінгі алдаркөселерді жасаған қылмыс түріне қарап-ақ анық байқауға болатындай. Арнаулы техникалық құралдарды пайдалану арқылы банкоматтан пластикалық карточканың мұқыл мәліметтерін алуға болатын банкомат төңірегіндегі алаяқтық белең алды.

Үлкен қалаларда интернетті пайдаланып, қалаған тауарын сатып алуы әбден жолға қойылған. Өйтсе де алар заттың ақысы төленсе де, тауардың жоғалып кететінін

жиі кездестіріп қалып жүрміз. Осы секілді интернет-дүкендердегі алаяқтық та жолдан қалар емес.

Банклік төлем картасындағы құпия мәліметтерді алудың түрлі жолдары ойластырылған. Солардың ішінде ең бір кең тараған түрі – алаяқтардың дүкеннің, қонақ үйдің, мейрамхананың, өзге де сауда орталықтарының, ойын-сауық орындарының қызметшілерімен алдын ала келісіп алып қылмыстық әрекетке баратындығы. Енді бірде скиминг деп аталатын келіссіз-кеңесіз әрекет жасалады. Бұл – төлем картасын арнаулы құрылғы (скимер) арқылы өткізіп, магнит жолағында сақталатын құпияларды оқуға мүмкіндік алу жолы. Осылайша алаяқтар төлем картасының нақты көшірмесін өздеріне түсіріп алады. Оған қажетті соманы көрсетіп, қолын қояды да, ал тауар ақысын төлеуді картаның иесіне қалдырады, яки керегін алған ұтылмайды, шелектің түбін жалаған тұтылады.

Келесі бір айла-амалдың бірі – криминалдық топтардың өздеріне тиесілі дүкендерін пайдаланатыны. Әдетте мұндай дүкеннің иесі аталмыш топтан емес, көк атты көлденең біреу. Жырынды қу – Остан Бендерден қалған дәстүр. Мұндай сауда нүктелері қарапайым мақсатты ғана көздейді – тұтынушылардың пластикалық картасынан мәліметтерді мейлінше көбірек жинап алу. Алаяқтар ол үшін интернет-сайттарды қолданады. Бұл сайттың қызметін бір ғана рет пайдаланған адам (мәселен бір зат сатып алдың немесе бейнеролик жазып алдың делік) сол сайтты үнемі пайдаланушы болып шыға келеді, ай сайын осы сайтқа ақы төлейтін болады. Ал оны төлемей көр, криминалдық топтарда «өкенді танытатын» әзірейілдер баршылық. «Еркінен айырылған тірідей өледі» деген сөз осыдан туған-ау, сірә...

«Өлмеген құлға әлі-ақ жаз». Қарапайым қатардағы халыққа алдағы болашаққа үмітпен қарау ғана қалды. Батқан күнге өкінгенше, атар таңды күт демей ме қазақ. Біз де күттік.

Елеужан СЕРІМОВ, Қостанай қаласы

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru